

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ГРЕК ОЙШЫЛДАРЫ

Қазақ ойшылдарының пікірі

Психика дүниесінің сыры жайлы дәйекті материалистік пікірлерді

қазақ ойшылдары да

айтқан. Мұндай ой-пікірлер фольклорда, әсіресе, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі.

Мысалы: «Тән ауырса, жан ауырады», «Тәні саудың жаны сау», «Тән өледі, демек жанда өледі». Жан бар жерде қаза бар»

т.б. Ал, Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұқар, Шал,

Дулат, Махамбет т.б. ақын-жыраулар мен ойшылдардың

толғауларында ата-

бабаларымыздың жан дүниесінің сырлары әр қырынан сөз болады.



ГРЕК

ОЙШЫЛДАРЫ

- Ежелгі дүниенің қытай, индия, египет, греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді, одан теория түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер философия шеңберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдарда сол ғылыми аумақта дүниеге келді.


Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған қуаты мол күшті халық педагогикасы беріп келген. Инабаттылық, еңбектік, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршең жүйе түзді.

Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі – ежелгі греция философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі Демокрит (460-370 жж. Б.Э.Д.)- Балалар тәрбиесі бойынша алғашқы нұсқаулар кітабын жазған. Сол уақыттың өзінде ол: «табиғат және тәрбие мегзес. Дәлірек айтсақ, тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді».

Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары Сократ (469-399жж.Б.Э.Д.), Платон (427-347жж. Б.Э.Д.), Аристотель (384-322жж.Б.Э.Д.), Тертуллиана (160-222жж. Б.Э.Д) еңбектерінде жарияланған.




Демокрит
ок. 460 — ок. 370 до н. э.



МУХАМЕД ХАЙДАР
ДУДАТИ



Әль-Фараби



Аристотель